



Автор: Камиева Жамила Сергеевна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Компьютерлік жүйелер мен желілер

Тақырып: Есептеуіш техниканың даму тарихы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.1.1 есептеу техникасының дамуының тарихы мен перспективасы жөнінде әңгімелеу
Сабақтың мақсаты:	-есептеу техникасының даму тарихын білу -компьютер буындарының негізгі сипаттамаларын білу - есептеу техникаларының даму перспективасын болжамдайды
Тілдік мақсаттар:	Пән бойынша оқудың мақсаты: Оқушылар: • Есептеу техниканың даму кезеңдерін атай алады; • ЭЕМ буындарының қасиеттерін сипаттай алады; Оқудың тілдік мақсаты: Оқушылар: • Есептеу техниканың даму қажеттілігін түсіндіре алады; Пәнге тән лексика мен терминология: • Электронды-вакуумді шам, транзистор, интегралды сызба, элементтік база
Күтілетін нәтиже:	<ul style="list-style-type: none">• Есептеу техниканың даму кезеңдерін атай алады;• ЭЕМ буындарының қасиеттерін сипаттай алады;• Есептеу техниканың даму қажеттілігін түсіндіре алады;
Бағалау критерийлері:	Пән бойынша оқудың мақсаты: Оқушылар: • Есептеу техниканың даму кезеңдерін атай алады; • ЭЕМ буындарының қасиеттерін сипаттай алады; Оқудың тілдік мақсаты: Оқушылар: • Есептеу техниканың даму қажеттілігін түсіндіре алады;
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық, тиімді байланысқа түсу дағдыларын білім беру, нақтылап айтқанда, жұптық және топтық жұмыс арқылы дамыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет желісіне кіру, Видео қарау
Пәнаралық байланыс:	ЭЕМ – ның даму кезеңдерін сипаттаған кезде тарихпен байланысты ЭЕМ-дың элементтік базасын сипаттаған кезде физикамен байланысты
Бастапқы білім:	Оқушыларға 5-ші сыныптап компьютердің құрылғылары және олардың тағайындалуы туралы, «эргономика» түсінігі және информатика кабинетіндегі қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелері белгілі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Мұғалім оқушыларға шеңбер құрып, компьютермен жұмыс істеген кезде эргономикалық шарттарды есепке алу қажеттілігін және қауіпсіздік техника ережелерін атап шығуды ұсынады. Мұғалім оқушыларға мәселелі сұрақ қояды «адамзатқа қандай механикалық және электромеханикалық құрылғылар әсер етті және қалай?». Оқушылар әртүрлі құрылғыларды есептегіш, калькулятор, компьютер, роботтар және т.б. атап, олардың адамзатқа қалай әсер еткенін айтып өтеді. Мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбын анықтауды ұсынады. Оқушыларды тыңдап, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	<p>Мұғалім оқушыларға дәптерлеріне жапсыру және толтыру үшін №1,2,3 карточкаларын таратады және келесі бағалау үшін карточкаларда қандай ақпарат жазу керек екенін түсіндіреді. Мұғалім есептеу техниканың даму тарихын көрсетіп, оқушыларға карточкаларды толтыру үшін уақыт береді. Сабақтың осы кезеңін бағалауды оқушылар арасында ұйымдастырады. Мұғалім оқушыларды топтарға бөледі (4 топ құрған дұрыс болады) және ЭЕМ буындары бар №4 карточканы өз бетімен толтыруды ұсынады (1топ-1 буын, 2топ-2буын және т.с.с.). Мұғалім әр топқа тақтаға шығу мүмкіндігін беріп, басқа топтарға айтылатын ақпаратты жазып алуды ұсынады.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/esepteuish-texnikanyng-damu-tarixy https://www.youtube.com/watch?v=rG7TwdcWY_E&feature=youtu.be ЭЕМ буындары. https://www.youtube.com/watch?v=UplIq2RjnqQ</p>
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Мұғалім ақпаратты ортақтандырып, жоғары дәрежелі сұрақтар қою арқылы сыныпты сабақ материалына сараптама жасауына әкеледі. . Рефлексия 1. Пайда болу кезектілігіне қарай есептеу техниканың құрылғыларын атаңыз? 2. ЭЕМ буындарын атаңыз және олардың негізгі қасиеттерін? 3. Қандай технологиялар немесе құрылғыларды сіз болашақтағы көресіз?</p>	
Рефлексия (5 минут)	<p>Сабақ мақсаты/оқыту мақсаты шынайы болды ма? Барлық оқушылар оқыту мақсатына жетті ме? Егер жоқ болса, неге? Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақытша кезеңдері көтерілді ме? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды және неге</p>	